

3 Қарызсыз өмір сүре аласыз ба?



5 «Менің халқым менен әлдеқайда биік»



Сыр бойы

13 сәуір, сенбі 2024 жыл



№ 56-57 (20730-20731)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҒЫЛЫМ МЫҚТЫ БОЛСА, МЕМЛЕКЕТ ТЕ ҚУАТТЫ БОЛАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысы өтті.

Президент, ең алдымен, жиынға қатысушыларды Ғылым күнімен шын жүректен құттықтап, бұл мереке ғұлама ғалым, заңғар тұлға Қаныш Сәтбаевтың туған күнімен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті.

– Дәл бүгін академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Біз ұлы Абайды қазақ руханиятының темірқазығы, Ахмет Байтұрсынұлын Ұлт ұстазы дейміз. Ал Қаныш Сәтбаевты қазіргі қазақ ғылымының атасы деуге болады. Өздеріңіз білесіздер, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – халқымыздың біртуар перзенті. Еліміз әлі күнге дейін оның ғылыми жаңалықтарының игілігін көріп отыр. Әйгілі ғалымның мерейтойын жоғары деңгейде атап өту маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздегі су тасқынына байланысты қалыптасқан қазіргі ахуалға тоқталып, осындай кезде білікті мамандар мен ғалымдардың тапшылығы айқын сезіліп отырғанына назар аударды. Сондай-ақ Қазақстанда ғылымға жете мән берілмегендіктен, еліміздің бұрынғы ғылыми әлеуеті мен инфрақұрылымын жоғалтып алғанымызды, осының салдары енді көрініп жатқанын айтты.

Мемлекет басшысы отандық ғылымды дамытуға қатысты бірқатар өзекті мәселе көтеріп, алдағы уақытта атқарылуда тиіс міндеттерді айқындап берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ең әуелі ғылымның әлеуетін техногендік және табиғи апаттарды болжау, климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін барынша пайдалану маңызды деп санайды.

2-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЕЛШІЛЕРДІҢ СЫРҒА САПАРЫ



Бейсенбіде Қызылордаға Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің елшілері және Сыртқы істер министрлігінің өкілдері арнайы жұмыс сапарымен келді. Олар «Қызылорда облысының инвестициялық әлеуеті» тақырыбындағы дөңгелек үстел жұмысына қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне іссапармен келген елшілік өкілдеріне алғыс айтып, осы сапардың нәтижелері екіжақты әріптестікті жаңа деңгейге шығаратынына сенім білдірді.

– Еуропалық Одақ мемлекеттері мен Қазақстан арасындағы ашық әрі сенімді дипломатиялық қарым-қатынас тәуелсіздік алған кезден бастап орнады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» форматындағы кездесуде «Еуропалық Одақ – Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі. Біздің сыртқы саудамыздың 40 пайыздан астамы осы ұйымның үлесіне тиесілі. Былтыр Қазақстанның ЕуроОдақ елдерімен өзара тауар айналымы 40 миллиард долларды құрады. 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 50 миллиард долларға жеткізу үшін бізде барлық мүмкіндік бар» деп атап өткен болатын. Қазір жасалған игі істер болашақ ұрпақтың баға жетпес мұрасына айналады. Сапарларыңыз нәтижелі әрі табысты болады деп сенемін, – деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы өз баяндамасында өңірдің инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырды. Қызылорда облысында ел тұрғындары тұтынатын күріштің 90%-ы өндіріледі. Өңір өнімі ішкі нарықты қамтамасыз етумен қатар, алыс-жақын шетелдерге кенінен экспортталуда. Өткен жылдың қорытындысымен 20 млн АҚШ долларына бағаланған 50 мың тоннаға жуық күріш өнімдері сыртқа сатылды.

Балық шаруашылығы саласы да басты назарда. Облыста кіші Арал теңізі және 200-ден астам көл бар, 10 балық зауыты жұмыс істейді, оның төртеуі «Еврокод», яғни Еуропалық сапа стандартын растайтын белгі иеленген. Жергілікті балық өнімдері Еуропа елдерінде жоғары сұранысқа ие. Өткен жылдың қорытындысымен құны 9 млн АҚШ долларын құрайтын 2 мың тоннадан астам балық өнімдері Германия, Дания, Литва, Латвия, Нидерланды, Польша және Румыния елдеріне экспортталды.

2-бет

/// ЖАҢА НЫСАН

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАҢА АВТОВОКЗАЛ АШЫЛДЫ

Күні кеше Қызылордада тағы бір жаңа, сәулетті нысанның ашылу салтанаты өтті. Қаланың сол жағалауында бой көтерген заманауи үлгідегі жаңа автовокзалдың ашылу рәсімінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сөз сөйлеп, қала тұрғындарын құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында «Көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс» деген болатын. Автобустармен жолаушы тасымалдау – үлкен сұранысқа ие қызмет. Жолаушылармен жүк тасымалын ұлғайту, қызмет сапасын жақсарту мақсатында өткен жылы жаңа автовокзал салу жөнінде шешім қабылданып, Сырдың бас шаһары тағы бір әсем, заманауи нысанмен толықты. Құрылысшыларымыздың құрыш қолынан шыққан осы ғимараттан аттанған жолаушылардың жолы ақ, сапары сәтті болсын! Аймақ экономикасының кірісін еселейтін көліктер легі толастамасын! Ел мен елдің, ағайын мен туыстың арасын жалғайтын татулықтың тұтқасы, сауда-саттық пен іскерлік байланыстың алтын көпірі болсын! – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада Қызылорда облысының Құрметті азаматы Айтбай Кошербаев жерлестерін құттықтады. Сондай-ақ нысан құрылысын сапалы жүргізуге атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жаңа автовокзал халықтың талап-тілегі мен сұранысына сай бюджет қар-

жысы есебінен 975 млн теңгеге салынды. Мұнда жолаушылар мен жүргізушілерге, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға барлық жағдай қарастырылған. Жолаушылар автовокзалдан халықаралық және түрлі бағыттағы 38 маршрут бойынша сапарға шыға алады.

Айта кетейік, соңғы жылдары Сыр өңірінде барлық саланың материалдық-техникалық базасын, оның ішінде автопаркін жаңартуға басымдық берілуде. Қызылорда қаласындағы қоғамдық көліктің мәселесін түбегейлі шешу үшін жаңадан 300 автобус, мектеп оқушыларына 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 70 жедел жәрдем көлігі, орманшыларға 95 техника, ветеринария саласының мамандарына 30, құқық қорғау органдарына 92 қызметтік автокөлік, төтенше жағдайлар қызметіне 17 арнайы техника алынды. «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауының жеңімпаздарына күнделікті ел тұрмысына ең қажетті деген заманауи үлгідегі 29 арнайы техника берілді. Биыл облыс тұрғындарының сұранысына сәйкес барлық елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарына 200 санитарлық автокөлік сатып алынбақ.

2-бет



/// ҮКІМЕТ

ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСУДА

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында су тасқынына байланысты туындаған мәселелер қаралды.

Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты басшыларға тапсырма берді.

– Республиканың бірқатар өңірінде қауіп сөйлер емес. Осыған дейін су тасқыны болған аймақтарға 296 қызылордалық құтқарушы аттанды. Оған қоса, облыс мекемелерінің 88 арнайы техникасы жіберілді. Ертең Атырау облысына тағы 100 арнайы техника жолданбақ. Су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге күш құралдарын жұмылдыруды үйлестіруді тапсырамын, – деді аймақ басшысы.

Еске салсақ, су апаты болған аймақтарға гуманитарлық көмек көрсету мақсатында қала және аудан әкімдіктері ұйымдастырған «Күшіміз – бірлікте» акциясына облыстың жанашыр азаматтары мен волонтерлер үлес қосуда. Жинақтау пункттері ашылып, су тасқыны басталғаннан бүгінгі күнге дейін Сыр өңірінен 150 млн теңгенің гуманитарлық көмегі жөнелтілді.

Аймақ басшысы төтенше жағдайға тап болған өңірлердегі ағайынның бейнетін жеңілдету үшін қолдан келетін көмектен аянып қалмау керектігін ескертті. Су тасқынының зардаптарын жоюға бүкіл ел жұмылуда. Сондықтан жергілікті кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер де бұл шараларға атсалысқаны дұрыс. Нұрлыбек Машбекұлы елдің бірлігі сыналатын сәттегі ортақ істен облыс тұрғындарын да шет қалмауға шақырды.

/// «КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ»



ЕҢБЕГІ ЕРЛІККЕ ТЕҢ

Қызылордалық құтқарушылар Қостанай мен Ақтөбеде

Қарғын судың қоршауында қалған халыққа сырбойлық құтқарушылар да қолғабыс етуде. Арадағы жол алшақтығына қарамай, сала мамандары алғашқы сәттен көмекке аттанды.

Бүгінде облыстық ТЖД төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Жандос Досымов бастаған топ су тасқынының салдарымен күрес жүргізуде. Солтүстік және Батыс өңірлерге бет алған құрам ішінде 31 адамнан тұратын құтқару жасағы, 6 техника, 10 су сору мотопомпасы, 2 қайық бар.

Төтенше жағдай болған сәтте қызылордалық құтқарушылар алдымен Қостанай облысына барды. Қазір сол маңдағы Амангелді, «Сарысу», Жангелді, Аралбай, Жұмағұл ауылдарына жетіп, су деңгейін төмендетуге байланысты жұмысты бастап кеткен. Әуелгіде Амангелді ауылындағы Абай, Палуан, Боданов көшелеріндегі еріген қар суын азайтса, кейін азаматтарды қауіпсіз жерге көшіру ісімен айналысқан.

8-бет

Валюта бағамы \$ 448,41 kzt

€ 481,05 kzt

₺ 4,79 kzt

Ауа райы ☁️ +7° +22°

☁️ +8° +14°

